



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

student jastar gazeti

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№12 (437) 6 наурыз, 2023 жыл



Құрметті аналар, қыз-келіншектер! Қадірлі әріптестер!

Табиғат түрленіп, тамаша көрініс табатын көрікті көктемнің кереметі – 8 наурыз — халықаралық әйелдер мерекесімен мерейлі, әйел әлемімен әдемі.

Қай елдің бар байлығы – Халық. Ал халықтың тілекшісі – Ана! Осы киелі үш әріптің құдіретіне бас имейтін пенде жоқ, әрбір азамат аяулы анасын аса құрметпен қарап, киетұтады.

XI ғасырда өмір сүрген әйгілі ғұлама Жүсіп Баласағұн «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды. Жақсы қасиет адамға ананың ақ сүтімен дариды» – депті.

Жаратылысы нәзік әрі сұлу, іштей күшті, қылықты, сезімтал, патриот, айналасын ақылымен гүлдендіріп отыратын күшке ие ардақты аналарымыздың орны қашанда ерекше.

Әйел – баласымен әдемі, перзентімен ажарлы. Кемел әйелдің сөзінде даналық, рухында нәзіктік пен кіршіксіз тазалық, адамдармен қарым-қатынасында әрдайым өзін еріксіз сыйлататын және құрмет тудыратын қасиет бар. Сұлулық сыры жан дүниесімен, істеген қылығымен, атқарған ісімен дараланса, әдемі әйелдің өрісі тарылмайтын, дастарханы жиылмайтын ерекшелікпен өлшенеді.

Әйел-Ананы жырламаған ақын кемде-кем. Мысалы нағашым Мұқағали ақын «Әйел деген әдемі ғой, әдемі, әдемілік бізге көптік етпейді...» десе, ақын Жүрсін Ерманның «Қай жерде, мейлі, қай елде, әлемнің мәні – әйелде» деген Ана тәңірге тән тәмсіл деп ойлаймын.

Түркі жұртына тән Асан қайғы желмаясы-



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

на мініп жұртына жаннат жер іздегені жайлы аңыз баршаға белгілі. Сол жерұйық қазақ даласынан табылса, бұл – ел мен жердің киесі, табиғаттың тұмса тартуы, ұрпақтың ұлылығы. Сол Асан ата әйел әлеміне әсерлі теңеу берген: «Әйел – әлемнің ажырамас бөлігі. Әйел – адамзаттың анасы. Әйел – тіршіліктің бастау бұлағы. Әйел – отбасының өзегі. Әйел – шаңырақтың шамшырағы. Әйел – сұлулықтың символы. Әйел – әдеміліктің асыл тәжі. Әйел – нәзіктіктің хас үлгісі. Әйел – Алланың ұлы аманаты. Және әлем әйел арқылы әдемі» - деп.

Барша қазақтың ортақ мақтанышы, сұлулық пен ерліктің, ізеттілік пен өрліктің символына айналған Тұмар ханым, Зарина патшайым, Құртқа, Ақжүніс, Қыз Жібектің, ел басына іс түскен қиын кезеңдерде басын оққа байлаған әрідегі Назым, Ботакөз, Шынар, Бегім сұлу, Гүлбаршын, берідегі Әлия, Мәншүк, Хиуаз, Майра Қанатова, «Флоренс Найтингейл» атындағы медаль иегері, лейтенант Разия Ысқақова секілді батыр да батыл аруларымыздың, ерен еңбектің үлгісі – Сәлима Жұмабекова, Шырынкүл Қазанбаева, Ұлбала Алтайбаева, Балдырған Мұстафаева, Жадыра Таспамбетова, Зәкіра Ержанова есімдері тарих төрінде алтын әріптермен жазылып қалды.

Өңір тұрғындары керемет қарқынмен көбейіп, бүгінде 833 мың 351-ге жетті. Оның ішінде әйелдер саны – 415 243. Бүгінде облы-

сымызда 141 мыңнан аса отбасы бар. Оның ішінде 48 мыңнан астамы көпбалалы ана болса, 17 мыңға жуығы «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегері.

Қазіргі қоғамда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттік өмірге, саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Соған сай аймақтағы мемлекеттік қызметшілердің 37,4 пайызы – әйелдер. Сондай-ақ, медицина қызметкерлерінің 87 пайызын, педагогтардың 78,3 пайызын әйелдер құраса, бюджеттік саладағы қыз-келіншектер үлесі 62 пайыз.

Адамның даму индексі – елдердің әл-ауқаты, өмір сүру деңгейі, сауаттылығы, білімі, өмір сүру ұзақтығы секілді сипаттамаларына сәйкес жасалатын интегралды көрсеткіш. Бұл бағытта да аймақта өнімді еңбектің нәтижесі бар. Әлі де өсім мен өріс жалғасын таба береді.

Халқымыз өзіне ең қымбат ұғымдарды – Отан мен Жер, Тілді – Ана атымен байланыстырған. Өйткені, тіршіліктің нәрі де, мәні де – Ана. Жалпы, қазақ қызы – қылықтың, қазақ әйелі – ұлылықтың үлгісі болып қала береді.

Сондықтан бұл мерекеде Сіздерге және отбасыларыңызға әрқашан бақыт және бақ-береке тілеймін!

Бейбіткүл КАРИМОВА,
Қорқыт Ата атындағы ҚУ
Басқарма төрағасы - Ректоры

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, КЕЛЕШЕГІ

Әйел-табиғаты терең, болмысы бөлек жан. Ұлтымыз әрқашан қыз баласын алақанында аялап, шаңырақтың уақытша қонағы, есейгенде жат жұртқа тұрмысқа шығады деп еркелете өсіргені сіз бен бізге мәлім. Сұлулықтың символы саналып, жыршыларымыз бен ақын-жазушыларымыздың атаулы туындыларынан ойып тұрып орын алғаны тағы бар. Аруларымыз тек қана өзінің нәзіктігі мен ұяндығымен емес, сондай-ақ асқан жанкештілігімен, батылдығымен елеулі. Талай шайқаста жауынгерлер қатарына қосылып, найза мен қылыш ұстап, одан әрі сұрапыл соғыс кезінде біреуі пулеметпен, ал біреуі ұшақ тізгінінде талай жауды сан соқтырған. Оған дәлел арғы ата-бабамыз, күллі түркі елдерінің бастауы Сақтардың патшайымы болған Томирис пен

II дүниежүзілік соғыс барысында ерлігімен ел мерейін үстемдеткен, фашистік Германия солдаттарының қорқынышты түсіне айналған Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова секілді қыздарымыз.

Уақыт өте келе қоғам қалыптастырған құндылықтар күшін жойып, келешек ұрпақ жаңа көзқарастар мен құндылықтарды дүниеге әкеледі. Дәл солай әйел адамдар да ер кісілерден қалыспай, жыл өткен сайын жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізді. Сонымен, қазақ әйелдерінің қоғамдағы орны қандай, сан түрлі салаларға қосқан нәзік жандылардың еңбегі қаншалықты зор, аруларымыздың келешек әлеуметтегі орны қандай болмақ? Аталған сауалдарға жауап іздей отырып, университетіміздің көпті көрген абыройлы

оқытушыларынан, келешек өз істерінің мамандары студенттерден қос дәуірдің екі ұдайы пікірлерін салыстыру мақсатында кішігірім журналистік сауалнама жұмыстарын жүргізген болатынымыз. Наурыз айының 8-ші жұлдызы Халықаралық әйелдер күніне арналған «Сыр түлегі» газетінің шығарылымында осы еңбегімді назарларыңызға ұсынбақпын.

Жалғасы 2 бетте

Нөмір нақылы:

**ӘЛЕМ ӘЙЕЛМЕН
ӘДЕМІ**

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, КЕЛЕШЕГІ

Филология ғылымдарының кандидаты Габит Тұяқбаев: Қазақ әйелдері жаугершілік заманда ер азаматтардан кем іс атқармағаны барлығымызға аян. Ел басына күн түскенде қолдарына найзасын алып, жауға қарсы шыққан аруларымыз көп болды. Әдебиетімізде де азаматшаларымыздың образы тереңнен қаланған. Бұған дәлел Ұлпан, Шұға, Ақбілек сынды кейіпкерлер. 20-шы ғасырдағы қазақ әдебиетінде әйел теңсіздігі, қазақ қыздарының өз теңін таппауы, зорлық-зомбылық сынды ауқымды мәселелер көп көрініс табады. Сондай ақ, қазақ әйелдерінің өткені деген тақырып қозғалғанда Шоқанның әжесі Айғанымның, Абайдың әжесі Зеренің көшбасшылық қабілетін тілге тиек етпеу - үлкен қателік. Аталған тұлғалар мен кейіпкерлердің ерліктері мен батылдықтары қазақ аруларының қаншалықты тәуелсіз әрі бейбіт болғанын көрсетеді. Қазіргі таңда, еліміздегі «бостандық» атты ұғымға қарама-қайшы келіп, ұлттық менталитетке жат өзге этностың ұлттық киімін киіп, тұмшаланып жүргендер қоғам арасында белең алды. Бұл нәрсе қазақ әйелдерінің табиғатында болмаған жат дүние екенін ескергеніміз абзал. Қазіргі жастардың ұлтқа жат нәрсені насихаттауға көп ерік беретіндіктері болмаса, өзге істеріне наразылығым жоқ. Аруларымыз көптеген додаларда топ жарып, ел мерейін асқақтатуда. Болашақтың негізі бүгіннен қаланады. Қазақ қыздарының келешектегі орны қалай боларынан бейхабармын. Алайда, аналарымыз жүріп өткен жолдан таймай, нағыз қазақ қызының болмысын жоғалтпайтындарына кәміл сенімдімін.

Тарих ғылымдарының магистрі Бақытжан Ахметбек: Қазақ тарихында қыз бала, әйел адамға деген құрмет ерекше. Сонау заманнан есімдері кең тараған Томирис, Зарина, Гаухар, Сапара Мәтенқызы, Бопай Қасымқызы, Шынар Өтебасқызы және т.б батыр аналарымыздың есімін халқымыз мақтанышпен атап келеді. Көпті көрген дана әрі батагөй әжелеріміз өз әжелерінен естігендерін немерелеріне құлақтандыруды ешқашан доғарған емес. Талайдың таңдайын қақтырған ұлы тұлғалар көп ретте же тәрбиесін көргендер болып келетіні тағы бар. Мәселен, өз басым әжем Айымкүлдің тәрбиесін көріп өскенмін. Тарихи базаның қалыптасуына, қолым жеткен жетістіктерге, жасаған зерттеулеріме әжемнің қосқан үлесі орасан зор. Уәлі би, оның ұлы Байзақ би сынды аталарым жайында әрқашан білгенін айтып отыратын. Қазақ әйелінің болмысы деген кезде бірден әжем есіме түседі. Қазіргі азаматшаларымыздың мінез-құлқы мен көзқарасы сәл өзгеріске ұшырағанымен, ата-баба салтын ұмытпай, қоғамнан ойып тұрып орын алуда.

Филология ғылымдарының магистрі Сұлтан-Бейбарыс Бақытбек: Қазақ халқы ежелден қыз баласының, әйел затының қадірін білген. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай еркелетіп өсіріп, төрге қызды отырғызған. «Ер баланы тоқшылық, қыз баланы жоқшылық» бұзады дегендей, ұлға қатты, қызға қолды аша қараған. Қыздарын жұрт көзінен таса, ұяң етіп өсірген. «Қызға қырық үйден тиым» деген жазылмаған заңдылықтың қалыптасу себебі, өздеріне қонақ ретінде көретін қыздарын тұрмыс құрғанша мәпелеп өсіріп, бойжеткен шағында өз үйіне, өз отбасына ұзатқан.

Қазір заман ағымына қарай қазақ қоғамындағы қыздардың, әйел затының орны өзгере бастағандай. Қыздарын ер баламен қатар тәрбиелеп, бір көзқараста қарайды. Ашық-ашық киіну, болашақ ана екендігін ойламау, жұрт алдына жұпыны киіммен шығу-елдің көзі үйренген жәйт болып бара жатқандай. Бұл-ұлт болашағына төніп тұрған қауіп секілді. Отбасындағы қыз баласының орнын қызтеке балалар басып, қыздарымыз ел басқаруға ұмтылуы-тәрбиенің дұрыс берілмеуінен болар, бәлкім. Оған әке-шеше, ата мен әже, үлкен кішіні қосқанда барлығымыз кінәліміз.

Әлеуметтік желінің желдей жүйткіген заманында тәрбие табалдырықтан кіре алмай тұр, өкініштісі. Желінің пропагандасына ерген аруларымыз батыстың негативті дүниелерін бойына сіңіріп, ұлттық мүддені ұмыт қалдырып, жаппай деградацияға ұшырап жатқаны жанды қынжылтады.

Философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамберлиев: Жалпы Қазақ қоғамында әйелдер біраз рөл атқарған. «От ана» деген ұғымнан-ақ әйелдердің дәрежесін байқауға болады. Кеңес дәуірінде әйел мен еркек арасында теңдік орнағанымен, нәзік жандылардың қандай ауыр қызметтер жасағанын жоққа шығара алмаймыз. Әйелмін демей трактор айдағандар да болды, мал баққандар да болды, онымен қоймай егіншіліктің де басы-қасында жүрді. Көп балалы ана бола тұра, өзіне берілген міндетті аруларымыз асқан абыроймен атқарды. Бұл жағдайлар кеңес дәуірінде орын алған басты социалистік қоғамның қараңғы тұстарының бірі еді. Ал, енді қазақ әйелдерінің саясаттағы орнына келер болсақ, ол кездерде де әйел адамдар ер адамдармен қатар депутаттық қызмет жасады. Уақыт өте келе, қазақ қоғамы гендерлік саясатқа бет бұрды. Басшылыққа еркек демей, әйел демей сайланатын болды. Қазіргі таңда, елімізде әйел-азаматшалар толыққанды теңдікке қол жеткізді. Түрлі мемлекеттерде нәзікжандылар көшбасшылықпен айналысып, ел мерейін алға тарту үстінде. Келешекте мемлекет билігінен әйел баласының ойып тұрып орын аларына сенімім кәміл. Әйел-отбасын асыраушы, ана - отбасы тәрбиесінің алғышартын қалайтын тұлға.



Ж-22-1 оқу тобының студенті Айнұр Досжанова: Қазақстанда соңғы жылдары әйел-азаматшалардың білім деңгейі біраз өзгеріске ұшырады. Түрлі салаларда елеулі еңбек етіп жүрген бойжеткендерді көріп, ұлт саясатының алға жылжығанын аңғарамыз. Қазіргі күндері мемлекетіміз гендерлік теңдікке қол жеткізгенімен, дәстүрлі-гендерлік рөлдер, әсіресе, ауылдық округтарда ер адамның үстемдігі байқалады. Әйел-отбасының тірегі, тұрмыстық міндеттерді атқарушы. Алайда, әлі де еріксіз неке кию, алып қашу, адам саудасы сынды жаға ұстатарлық жағдайларға ұшырап, аталған статус бертін келе өшу қаупінде. Гендерлік теңдікті насихаттау үшін ең алдымен оның түпкі себептерін түбегейлі жоюымыз қажет. Тек қана екі тарап арасындағы теңдікті құрай отыра, баршамызға әділ қоғам орната алатынымызды ескергеніміз абзал.

Ж-20-1 оқу тобының студенті Жамбыл Бақытәлі: Жұрттың қарабайыр түсінігінде қазақта бұрын әйел теңсіздігі көп болған, һәм жалғасу үстінде деген пікір бар. Шын мәнінде, қазақ даласында әйел кісінің мәртебесі аса жоғары болған. Қыз баласын қастерлеген бірден-бір ел Қазақ болған десем, артық айтпағаным. Қайсыбір батырлар жырына үңілсек, әйел парасатының биіктігі батырды жеңіске жетелегендігі, рух бергендігі жырланады. Сондай ақ, біршама ертегілер мен аңыз әңгімелерде қазақтың нәзікжандыларға деген құрметі асқан шеберлікпен баяндалған. Бабаларымыз «ердің басын көрге де, төрге де шығаратын әйел» деп, жетімін жылатпай, жесірін қаңғыртпаған

бекзат халық. Сондықтан, аналарымыз жарларын күтіп, алдын кеспей, артын қаңыратпай, мәртебелі санаған. Осындай асыл қасиеттерді бойға сіңіргеніміздің арқасында халқымыз бүгінге дейін отбасылық құндылықтарды сақтап келеді. Ер мен Әйелдің бірін-бірі сыйлауының өзі балансты теңдікті білдірмей ме?!

Қанша жерден әлемдік мәдениетке ілесек те, көш алдына ұлттық менталитетті қоюмыз керек емес пе? Сондықтан, әр адам өзінің адами борышын анық түсінгені жөн.

АЭ-22-1 оқу тобының студенті Рамазан Алтаев: Әйел адамның жеке интуициялық дамуы, ер адамға бөлек даму сатысында деп толықтай айтуға болады. Сол баяғы атам заманнан қалған талап пен мәдениет апаларымыздың рухани тұрғыда дамуына кері әсерін тигізгенін бірі білсе, бірі білмейді. Жазушыларымыздың «Бақытсыз Жамал», «Қорғансыздың күні», «Ақбілек» секілді прозалары жиырмасыншы ғасырдағы қазақ аруларының абсурдті өмірін реалистік түрде сипаттайды.

Жиырма бірінші ғасыр-қазақ әйелдерінің жаңа мүмкіндіктерге ие болуына үлкен жол ашты. Өткен ғасырда жасаған қателігімізді қайталамаудың амалын жасауымыз керек. Қыз баласы қоғамның әлсіз мүшесі - деген кереғар пікірлерді айтушылар көп. Бұл пікір өте қате. Мүмкін физикалық тұрғыда дұрыс болар, дегенмен моральдық тұрғыдан әйел адамға тең келер ешкім жоқ.

ИСТ-22-1 оқу тобының студенті Арслан Толыбекұлы: Қыз баласы қандай да ұлттың толықтай бет бейнесі, айнасы. Ұлттың бастауы ана болса, ананы тәрбиелейтін ұлт. Кішкентайынан ата-анасынан, қазақ қоғамына тән, ата-әже институтын көріп, солардан тәлім - тәрбие алып, бала күнінен ұлт болашағына тәрбиеленіп, аналыққа дайындалу қазақ қыздарына тән ерекшелік. Бұл өткен күнде де, бүгін де, келешекте де қайталана беретін үрдіс.

Қазақ халқында қыздарды, аналарды ерекше құрметтеп оларға барлық жылылықты берген, көркем сөздермен еркелетіп, әсемдеп отырған. Олар да осындай құрметке лайық болған. Себебі, олар жоғарыда айтылған тәрбие сатысынан толықтай өткен. Өздерін отбасының ұйытқысымыз, отағасының қолғанатымыз - деп санаған. Қазақы салт-дәстүр мен шарифат заңдарына сай өмір салтын ұстанған. Ер адамды «ұлт болашағы» деп құрметпен қараған. Оған тарихтан көптеген мысалдар келтіруге болады. Солардың ізін көрген әжелеріміз де кешегі күнге дейін нағыз қазақ әйелдерінің өткен болмысын ұстанып келді. Кешегі тарихта қалған ер мінезді аналарымыз нағыз қазақ әйелдерінің болмысы. Әлем ХХІ ғасырға қадам басып, жаңару мен жаңғыру үздіксіз өсіп-дамып келе жатқан заманда барлық жайт еріксіз өзгеріске ұшырап жатыр. Кез - келген жаңалық өзінің жақсы - жаманымен бірге келеді. Осынау ашық, толықтай еркіндік алған заманда қазақ қыздары да өзгеріске ұшырады. Өзге ұлттардың жасағанын әдет етіп кейіннен оны қанына сіңген мінезіне айналдырып алып жатқан жайы бар. Әрине, «демократия - ер мен әйел теңдігі» деген мәселелерге толықтай заман талабына сай оң көзқарас танытамыз. Бірақ, ол өзгерістің де қазақ қоғамына сіңіспейтін тұстары бар. Осы жайттарды толықтай ашып қарастырған жөн. Қазір жай ғана қателік болғанмен мерзімінде дұрысталмаса, қанға сіңіп ұлт тамырына жайылуы әбден мүмкін. Сондықтан, дамыған елдердей боламыз, солар сияқты сөйлеп, киініп, жүріп - тұрамыз - демей, пайдалы жағын қарастырайық. Әлі жүректеріне дақ түсе қоймаған қазақ қыздары келешекте де сол пәктікті, тазалықты сақтап қалады деп ойлаймын. «Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» дегендей, қазақ әйелдерінің келешегі жарқын болып, өз ерекшеліктерін сақтап қалатынына толықтай сенемін.

**Айтілес ЖАЙШЫЛЫҚ,
Ж-22-1 оқу тобының студенті**

Жүнісов Абайбек Талғатұлы

БАТЫСТЫҢ МЕНТАЛИТЕТІ - ЕРКІНДІК

Еңбек жолын осы университеттен бастаған Абайбек Талғатұлы 1995 жылдан оқу ордасында қызмет етіп келе жатқан мамандығына адал азамат. Бұл күндері техника ғылымдарының кандидаты, профессор А.Т.Жүнісов «Болашақ» бағдарламасымен АҚШ-тағы Джордж Вашингтон университетінде Жоғары білім менеджменті бойынша тағылымдамадан өтуде. Жана жыл қарсаңында елге келген сәтінде әріптестері, жерлестері оны жылы қабылдады. Азғантай ғана уақыт ішінде ағылшын тіліне төселіп қалғандығына да ризашылық білдірді. Орайы түскен сәтті пайдаланып кейіпкерімізбен сұхбат ұйымдастырған едік.

- Абайбек Талғатұлы, бастапқыдағы тілді меңгерген деңгейіңіз шетелдіктермен араласуға жеткілікті болды ма?

- Америкаға баратын болған хабар шыққаннан кейін осында 3 ай ағылшын тілі курсына қатыстым. Ол деңгей АҚШ-қа жеткенше жарады. Америка құрама штаттарында 3 айдан бірнеше тілдік курстарға жазылып, қатысып, тәмамдадым. Әлі де жалғастырып жатырмын. Сондықтан ағылшын тілін үнемі әрі әрдайым жетілдіріп отыру қажет.

- Ол жақта өмір сүру қаншалықты ыңғайлы?

- Америкада өмір сүру ыңғайлы деп айтуға мүлдем болмайды. Толық нарықтық қарым-қатынастардың заңына бағынған капиталистік ел. Сондықтан да, ол жақта өмір сүру жеңіл емес, тіпті өте қиын. Ешкім де «танысым екен, туысым екен» деп бір-біріне қарайласу, көмектесу деген түсінік жоқ. Әр адам өзі өмір сүруге ыңғайланып, қаражатын тауып, уақытпен санаспай еңбек еткен жағдайда ғана өмірдің қиындықтарын жеңіп, сол елдің тыныс-тіршілігіне бейімделеді. Егер Америкаға барып тамаша жағдайға кенелуге болады екен деген қате пікір. Құрлықта өмір сүру Қазақстаннан да қиын.

- Жергілікті жерде батыстың менталитеті көп сынға ұшырап жатады. Осы тұрғыдағы ойыңыз қандай? Шетелдіктердің қандай қасиетін жоғары бағалайсыз?

- Батыстың менталитеті - еркіндік. Сөз еркіндігі, іс еркіндігі. Қылмыс жасамасаң болды, өзіңнің ойыңдағы, пікіріңдегі көп жұмыстарды жасай беруге мүмкіндік бар. Әр елде ойлау қабілеттілігі, дүниеге деген көзқарас, рухани жан дүниесі әртүрлі ғой, ол біреуге ұнайды, біреуге ұнамайды. Шетелдіктердің маған ең басты ұнаған қасиеттері, олар уақыттың қадірін біледі. Уақытпен санаспайды. Мысалы түнгі 3-4-тен тұрып, жұмысқа шығып кете береді, таңғы 5-6-да жұмыста отыра береді. Сосын ерте демалады. 3-4-де жұмыстан келіп, ерте жатып қалады. Қажет болса 12 сағаттап еңбектен береді. Уақытты өте үнемді пайдаланатын дағдыларына тәнті болдым.

- Қазақстанда негізінен шетелдіктердің фаст-фуды көп жарнамаланады. Ал, өздері сол фаст-фудты қаншалықты тұтынады? Жалпы, американдықтардың ауқаттану мәдениетіне көңіліңіз тола ма?

- Фаст-фуд – тез дайындалатын тағам. 5 минутта әзір болады. Нан өнімдері, ет өнімдері, жемістер қосылған бургерлер ғой. Көпшілік халық тұтынады, әрине. Бірақ оны жиі тұтынудың зиян екенін дәрігерлер де, мамандар да айтып жүр. Сондықтан да, меніңше, жылдам дайындалатын асты шектеп пайдалану қажет. Ал, жергілікті халық тамаққа өте үлкен

талғаммен қарайды. Отбасымен, достарымен, әріптестерімен негізінен мейрамханаларда тамақтанады. Жалпы, американдықтардың үйден тамақ пісіріп ішуі өте сирек кездеседі. Басым көпшілігі түскі ас, кешкі асқа өзінің таңдаған, сүйсініп ішетін тағамын мейрамханалардан барып ауқаттанады. Тамақтың түрі өте көп. Ет, нан өнімдері, жемістер. Біздің тұтынатын барлық ас-мәзірлеріміз ол жақта да бар. Батыстықтар өздеріне тамақтан шектеу қоймайды.

- Отбасылық құндылықтарды бағалау сипатына тоқталсаңыз?

- Американдықтар отбасылық құндылықтарды өте жоғары орынға қояды. Балалардың құқығы ерекше қорғалған. Ата-ана балаға беретін тәрбие арқылы өскелең ұрпақты елдің патриот азаматы етуді парыз санайды. Отбасылық құндылықтарды сақтауды олар солай тұжырымдайды.

- Шетелде оқудың мәні неде?



- Ел-жер көру, шетелдің тәжірибесін зерттеу, үйрену, қажетін алу, игерген білімді өз елінде енгізіп, жүзеге асыру. Президенттің «Болашақ» бағдарламасының жүзеге асқан басты мақсаты да осы. Қазақстанның жастары шетелдегі озық университеттердің білімін алып, тәжірибесін меңгеріп, қажет тұстарын елімізге әкеліп енгізу мақсатында жұмыс жасап жатқан бағдарлама. Осы тұрғыда шетелде оқудың мәні өте зор. Ол үшін тіл білу өте маңызды.

- Сіз тағылымдамадан өтіп жатқан аймақта қандай бағытта мамандар дайындауға мән беріледі: инженерлік әлде гуманитарлық?

- Біз тағылымдамадан өтіп жатқан Джордж Вашингтон университетінде 100-ден астам мамандықтар бар. Біздің Қорқыт Ата университеті сияқты көпсалалы университет. Ол жерде заңгерлер де, дәрігерлер де, гуманитарлық, инженерлік – техникалық бағыттағы мамандықтар химиктер, физиктер, математиктер, IT саласының мамандары дайындалады. Негізінен АҚШ-та оқу орындары бейіні жағынан бөлінбейді. Көпсалалы болып келеді.

- Тағылымдамадан кейінгі артықшылықтар қандай болмақ?

- Біреуден артық болу басты мақсат емес әрине. «Болашақ» бағдарламасының мүмкіндігімен оқуға жол түскеннен кейін жақсысын қабылдасақ, озық тәжірибелерін,

инновациялық технологияларын игерсек деген ғана ой. Қандай артықшылығы болатынын елге келгесін өмір көрсетеді деп ойлаймын.

- Шетелдіктерден нені үйренуіміз керек?

- Шетелдіктерден білімге деген ерекше құштарлықты үйренуге болар еді. Жастар кітапханаға көп барады, кітапты көп оқиды. Сонымен қатар, уақыттың қадірін өте жоғары бағалайтын қасиеттері әсіресе, қазаққа қажет-ақ. Сағаттап жиналыс жасамайды, қонаққа ұзақ уақытқа бармайды. Бірнеше күнге созылған той жасамайды. Олар тек еңбек етеді. Мақсат – өмірдің талабына сай қаражат табу, материалдық, әлеуметтік жағдайын жақсарту.

- Америкалықтардың жалақысындағы айырмашылық қандай екен?

- Америка Құрама Штаттарында жалақы мәселесі жақсы жолға қойылған. Байқағанымыз, ерінбей адал еңбек етсең жалақысы да жақсы болады. Еңбекақы негізінен, сағаттық төлемақымен төленеді. Әр күнге өздерінің жұмыс кестесін қойып алады. Сол кестеге сәйкес жұмысқа келгендігі жөнінде, шығып бара жатқан мәліметі электронды базаға тіркеледі. Жұмыс беруші күндік еңбек еткен сағатын есептеп жалақыларын береді. Жалпы, Қазақстандық жүйемен салыстыра айтсақ, жалақылары өте жоғары. Өздерінің күнкөрісіне, жүріп-тұруына, медициналық қызмет алуына толығымен жетеді. Сондықтан, олар мүмкіндігінше жұмысына асқан жауапкершілікпен қарауға тырысады.

- Шетелдіктерді тағылымдамадан өткізуге біздің университеттің қандай ерекшеліктерін пайдалануға болады?

- Әрине, университетке келіп американдық профессорлардың лекция оқып, курстар жүргізуі, шетелдік студенттердің академиялық ұтқырлық нәтижесінде білім алуы біздің күн тәртібінен түспейтін мәселе. Оны күнделікті талқылап отырамыз. Бұл тұрғыда оларды ойландыратын бір ғана сұрақ: ондай ұсыныс американдықтардың мүддесіне қандай пайда алып келеді, түсіндіре аласыздар ма? – болып келеді. Мүддеге келсек, американдық профессорлардың еңбекақысы біздің Қазақстандық жоғары оқу орнындағы әріптестердің жалақысынан бірнеше есе көп. Оны да ескеру керек. Студенттердің оқу ақыларының ең төменгісі ол жақта орташа есеппен 35 мың доллар. Біздегі оқу ақысының мөлшері де белгілі. Сондықтан, шетелдіктерді тағылымдамаға немесе академиялық ұтқырлықпен оқуға шақырғанда бірінші кезекте олардың мүддесін қарастыру қажет. Әуелі осы бағыттағы жұмыстарды жолға қойған абзал. Біз соны түсіндік.

- Әлемдік деңгейге қандай ұлттық артықшылықтарымызды ұсынар едіңіз?

- Біздің ұлттық құндылығымыз осындай деп арнайы насихаттау орынсыз. Оны күнделікті тіршілік барысында аңғарта, артықшылықтарына таңғалдыра білуіміз қажет. Әрбір қазақтың отбасы, қазақтың азаматы өзінің ұлттық құндылығымен үйлесімді өмір сүрсе, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын өзінің күнделікті өмірлік дағдысына айналдырса - ол тіл білмейтін адамның да назарын еріксіз аударар еді. Әлбетте, қазақтың әлемдік деңгейде ауыз толтырып айтарлықтай, мақтанарлықтай ұлттық құндылықтары жетерлік. Бар ерекшеліктерімізді іс-әрекетпен дәлелдей білсек болғаны.

-Уақыт тауып, сұхбат бергеніңізге рақмет!

ГУМАНИТАРЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ХАНЫМЫ



ЖАНБЕРШИЕВА ҰЛЖАН НАХАТҚЫЗЫ

Филология ғылымдарының кандидаты,
университеттің құрметті профессоры.

Стилі: классика
Түсі: ашық көк
Сүйікті кітап: әлемдік классика
Қызығушылық: жақсы ыдыстар
Ұнататын ойыны: ат спорты
Жиі қарайтын сайт: әлеуметтік желі, телеграм
Сүйікті тағамы: ұлттық тағам - ет
Сүйікті мерекесі: туған күн мерекесі
Ұстанымы: талапшылдық, ұқыптылық
Үйреншікті әдет: үй жиһаздарын ауыстыру,
бастаған істі аяқтау

БӨРІКТІЛЕР КӨРІКТІЛЕР ҮШІН

Тербетіп ерек, толқыта жанды,
Сазына бөлеп, тамсанта маңды,
Мереке-көктем ару боп билеп
Келді ғой міне, оятып таңды.

Сыр жатыр толқып жымыып қойып,
Толқыған көңіл – бейне бір қайық.
БӨРІКТІ біткен КӨРІКТІЛЕР үшін
Тілек тілеуде көңілін жайып.

Көктемнің жайлы самалы, желі,
Қыздарға құрмет – дейді Сыр елі.
Мереке келген болсын – деп құтты
Қауызын ашты көңілдің гүлі!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті ұжымының АРУЛАРЫ, ҚЫЗ-
КЕЛІНШЕКТЕРІ, ЕЛ АНАЛАРЫ

8-наурыз Халықаралық әйелдер күні
құтты болсын! Отбасыларыңызға амандық,
дендеріңізге саулық, абырой мен несібе
тілеймін!

Құрметпен, А.ӘБІЛОВ,
филология ғылымдарының кан-
дидаты, ҚР Білім беру ісінің құрметті
қызметкері, ҚР Журналистер одағының
мүшесі, Халықаралық ақпараттандыру
академиясының академигі

АНА - ӨМІРДІҢ ГҮЛІ

Ана бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетеді. Бізді білім нәрімен сусындатып, бар білгенімен бөлісетін, үлкен өмірге қадам басуымызға септігін тигізетін ұстаздар қауымы сіздер біздің екінші анамыздайсыздар. Құрметті ұстаздар және аналар сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Анаға жыр арнасаң да, жүрекжарды құттықтау жолдасаң да аздық етеді. Өйткені, барлық жылулық ананың мейірімінен тарайды. Сол жылулыққа барлық адамзат жылынып, өмірге деген құлшыныстары арта түседі. Анасыз ешбір адамзат болмайды. «Анасыз бала тұл жетім» деген сөзді қазақ халқы тегін айтпаса керек-ті. Анасы бар адамдар ешқашанда қартаймайды. Анасының алдында баласы еркелеп, өзін қандай жаста болмасын балаша сезінеді. Маңдайынан сипап, «құлыным» деп еркелететін анасы бар адамдардың басында алтын тәжі болады. Осындай адамның бақытты күйін тек анасы жоқ адамдар ғана көре алады. Сол себепті ананы құрметтеп, барында бағасына жету нағыз қастерлі іс деп айтар едім.

Сіздер әлемге жарық шашатын жансыздар. Қашанда мейірім төгілген жүздеріңізден күлкі кетпей, құшақтарыңыз гүлге тола берсін. Сіздер барда әлем де ерекше жарық. Дана ана, ұстаз ана сіздер әрқашанда

мейірімділіктің символы іспеттессіздер. Ананы құрметтеп, тек мереке күнінде ғана құттықтап қана қоймай, әр күнін мереке қылайық дегім келеді. Аналарға әлемнің небір асыл жаһұт сөздерін арнасаң да аздық етеді. Құрметті аналар қауымы мен ұстаздар! Сіздерді көктемнің алғашқы күнінде жадырап келіп жеткен төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Сіздерге шын жүректен жыр шумақтарын арнадым.

Жүрегімнен жыр оқыдым арнап шын,
Шабытым бұл шыңдарменен жалғассын,
Перзент үшін жан беруге баратын,
Аналар бұл әлемдегі ардақтым.

Ақ сүт беріп, әлдилеген асыл жан,
Бай, кедей де, патшалар да бас ұрған,
Ұзақ болса екен деймін мен енді,
Аналардың ғұмыр жасы ғасырдан.

Ана шуақ, ана қуат, ана нұр,
Жағдайына алаңдайтын баланың,
Аналармен шырай еңсе жүздерге,
Аналармен әдемі бақ табамыз.

Динара ЕРХАНҚЫЗЫ,
Гуманитарлық педагогикалық
институтының
Ист-22-1 тобының студенті

Жамбылдың шығармашылығынан

Анама сыр

Ағарғанша ақпанның таңы қысқа,
Аңғал ұлды еске алып, алып - ұшпа,
Көңіліңді шерлі етіп отырсың ба,
Өміріңді кернетіп сағынышқа?

Қайран анам!
Тағдырға өкпе қылдың,
Басқа білер өмірдің өткенін кім?!
Жолына қарайлаумен жәудірейсің,
«Келер жазда келем» деп кеткен ұлдың.

Мауқын баспай тыншысын мазан қайбір?!
Күттің білем,
Күттің ғой көз алмай бір.
Содан бері жаз өтті қаншама рет?
Жаздың бәрі жараңды жаза алмай жүр.

Хат жазасың-
«Сапарың бола ма көп?
Інің өткен күндерді санап әлек.
Кертөбел атыңды әкең баптап қойды,
Аяқ асты сен келіп қалама деп».

Қоса жұтам деміме құса-мұнды,
Тәңір, Тәңір,
Шешпейді-ау тұсауымды!
Ұшып баратын едім осы сәтте-ақ!!
Құшып қалатын едім құшағыңды!!!

Жауап жазам-
«келер жаз...» -(әй қаталым) -
«Жаныңа жамай берме, болды апа, мұң,
Келіңізді көрсетіп қуантамын,
Көңіліңді көктемдей жайнатамын»

...
Кеудеңнен сыр төгілді, шер төгілді,
Ести-ести менің де ертегімді.
Қайта келмейтінімді білдің ба екен,
Айта бермейтін болдың кертөбелді...
Ана! анашым...

Сезім сергелдеңі

Ақпанда аспан жылап тұр.
Қаңтардан қандай қайғы алған?...
Ал бізге керек шуақ, нұр,
Шуағың қайда әй жалған!?

Төгілді жасың, селдеді,
Еңіре солай!
Емірен!
Жұбата алмадың сен мені,
Уата алмадым сені мен.

Ешкімді қылмай кінәлі,
Ешкімді келмей түсінгін,
Ақшамның шайыр тұманы,
Көзенді маған ұсындың.

Сүрдекке сен де түс мейлі,
Біздегі көңіл боздасын!
Ақындар шарап ішпейді,
Ішеді елдің көзжасын!

Сондықтан жаным мұңайды,
Сал-мырза сыртым.
Сор ішім.
Бүгінде біреу жылайды,
Алып қоялық сол үшін!

Жамбыл БАҚЫТӘЛІ,
Ж-20-1 тобының студенті

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР ИНСТИТУТЫНЫҢ ХАНЫМЫ



БИИМБЕТОВА ШОЛПАН ТІЛЕУБАЙҚЫЗЫ

Педагогика ғылымдарының магистрі,
Құрмет орденінің иегері.

Жақсы көретін түсі: қызыл
Сүйікті кітабы: А.Бижанова «Ана бақыты»
Қызығушылығы: қолөнер
Ұнататын спорт түрі: бассейн
Жиі қарайтын сайт: халық қазынасы
Сүйікті тағамы: балық
Мерекесі: 8 наурыз
Ұстанымы: әділдік
Үйреншікті әдеті: дәмді тамақ жасау.

ӨМІРДІҢ СӘНІ АРУЛАР

Шұғылалы көктемнің шырайлы мерекесі құтты болсын аяулы аналар, ақжарқын апалар, сүйкімді қарындастар! Ерекше жаратылыс, өзгеше құбылыс болып, өмірімізге сән беріп жүре беріңіздер. Бар болыңыздар, әрдайым аман жүріңіздер! Тілеген мұрат пен аңсаған арманға тез жетіңіздер, құрметті әріптес арулар!

Мүсілім ӘМЗЕ,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, философия докторы (PhD),
университеттің профессоры

КИІМ ҮЛГІСІ. ТАРИХИ ТАНЫМ

«Адам көркі шүберек» деген аталы сөзге тоқталсақ, киімге қатысты әсіресе нәзікжандылардың талғампаз келетіні түсінікті. Қашаннан киіну мәдениетіне айрықша мән беретін әдемілікке құштар арулардың жаратылысына жарасымды-ақ қасиет. Алайда, бұл жолғы әңгімені кәсіби тұрғыда өрбітпейміз. Сән әлеміне қызығушылығы бар жандарға ой түйерлік дүние болар деген үміттеміз.

Қазіргі киімдерді дайындау барысында ұлттық костюмнің дәлме-дәл көшірмесін қайталау маңызды емес. Соның негізінде уақыт талаптарына жауап беретін басқа көркем бұйымдарды үлгілеу керек. Көнерген түрлердің механикалық көшірмесі болмаған абзал. Кестемен безендіруді киімнің құрылысымен және үлгісімен үйлестіру керек, оны шамадан тыс әдемілеудің қажеті жоқ.

Дизайнерлер сән әлемі дамуының әрбір кезеңдерінде қазақша костюмдердің заман бағытына өте сәйкес келетін артықшылықтарын пайдаланады. Жасалып жатқан үлгіде тұтынушы адамның жасын ескеру аса маңызды: үлкен кісілер жайбарақат, сабырлы шешімді ұнатады, ал батыл жастар алабажақ, ашық түстілерді таңдайды.

Қазақтың ұлттық костюмі атпен, түйемен жүргенде өте ыңғайлы. Терімен, кестемен, оюмен безендірулерінің арқасында ол ерекше көзге түседі. Киімдегі кестелер мен әшекейлер арқылы қазақтың қоғамдағы әлеуметтік жағдайын оңай болжауға болады. Өрнектердің кескіні мен әшекейлеу (оюлау) түрлері қазақтардың қай руында да өзінше құбылып, өзгеріп тұрады. Геометриялық оюларда өрнек бірлігі қиыстырылады. Кең жолдар еңсізімен алмаса алады. Әшекейлеуге екі қарама-қарсы түстердің үйлесуімен қол жеткізіледі.

Киімді жобалай отырып, суретші әр уақытта халықтық өнердің таусылмас қазынасынан нені және қандай мөлшерде алуы керектігін шешіп алуы қажет. Ұлттық дәлелдеулер бойынша киім өз тағайындауына жауап беруі шарт.

Тәуелсіздік алған күннен бастап, республикада әділетсіздіктің салдарынан ұмыт болған дәстүрлер қайта жаңғырғанын көреміз. Шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жылды қарсы алу 22 наурызда болған. 22 наурыз көктемдегі күн мен түннің уақыт бойынша теңелетін күні. Осы

күннен бастап күн ұзарады, жер жыли бастайды, табиғат қысқы ұйқыдан оянып, тіршілікке енеді.

Отыз төрт жыл бұрын дәл осы күні қазақтар өздерінің жаңа жылын атап өтіп, оны ұлттық киіммен қарсы алуы дәстүрге айналды. Аталмыш мерекеге үлкендер де, балалар да арнайы жаңа киім дайындайды, уақыт ағымында ұлттық сипатта қазақша киіну сәнге айналууда.

Үлкен кісілер сандықтарынан шапандарын, айырқалпақтарын алса, әрбір қазақ әйелі қазақы оюлармен өрнектелген қамзолдарын киюді абырой санайтын халге де жеттік.

Соңғы кездері салтанатты жиындарға киетін костюмдерді республиканың туы сияқты дайындау сәнге айналып келеді. Бұл қазақ халқының отансүйгіштігінің артқанын, халықтық дәстүрлерге деген сүйіспеншілігін білдірсе керек.

Қазақстан Республикасының туы аспан түтес. Тудың көк түсті болуы Орталық және Орта Азияда бұрыннан өмір сүріп келе жатқан халықтардың ежелгі дәстүрлерімен түсіндіріледі. Аспан өндес көк түсті барлық халық аса қадірлейді, өйткені ол бізді қоршаған табиғаттың әсерін бейнелейді, биік аспан мен жұпар ауа көңіліңді көтеріп, сенімділік туғызады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік байрағында өз тәуелсіздігін алған халықтың бақыты мен өркендеуі жөніндегі барлық ұғымдар біріктірілгендей.

Киімде жиі пайдаланылатын мемлекеттік рәміздер 1992 жылы өз тәуелсіздігімізді алған бойда шыға бастады. Онда республикамызда өмір сүріп жатқан барлық халықтардың, әсіресе жергілікті жұртшылық тарихының жаңғырықтары, әділетті және жетілген, білімді мемлекетте өмір сүруге деген шынайы ұмтылысы бейнеленген.

Тудың ортасындағы күн барлығына өз шуағын шашып, жылуымен аялап тұрғандай.

Қазақ ежелден-ақ бүркітті қасиетті құс санаған. Бүркіт образының Мемлекеттік туды бейнелеуінде тәуелсіз Қазақстанның жоғары өрлеп, бейбіт өмір сүруіне деген талпынысты тілек жатыр.

Осы кезеңде республиканың өнеркәсіп тауарлары әлемдік нарықта төмен бағаланып, даму перспективасы бастапқы сатыда тұрған жағдайы бар. Бұл жағдайдан шығу, көтерілген мәселелердің өзіндік шешімін іздеу тігін өнеркәсібі міндеттерін шешу тетігін қарастыру болып табылады. Ол үшін ЖОО-ның осы сала мамандарын дайындауға айрықша көңіл бөлінгені дұрыс.

Қорқыт Атаатындағы Қызылорда университетінің «Дизайн және технологиялар» кафедрасы «Костюм дизайны» деген білім бағдарламасы бойынша республиканың Оңтүстік аймақтарына кадрлар дайындайды. Кафедра жанында «Тігін бұйымдарын үлгілеу мен құрастыру», «Ұлттық киімдерді дайындау», «Қазіргі заман киімдерін тігу мен көрсету», «Дизайн және бейнелеу өнері» сияқты зертханалар жұмыс істейді. Олар «Хускварна» фирмасының тұрмыстық машиналарымен, сонымен бірге отандық өнеркәсіптің тігін машиналарымен жабдықталған. Сабақтарды негізінен ЖОО «Тігін бұйымдарының технологиясы» мамандығы бойынша бітірген оқытушылар жүргізеді.

Расында, сала аясында еңбек нарығына даяр маман шығару мақсатында уақыт көшіне сәйкес келетін талаптар әлбетте ескерілетіні анық. Бұл ретте білім алушылардың түрлі деңгейдегі жетістіктері де көрініс тауып жүргендігі мерейімізді үстемелейтіні сөзсіз.

Ляззат ШИЛЬДЕБАЕВА,
Дизайнерлердің Қазақстандық одағы
Қызылорда облыстық
филиалының директоры,
«Дизайн және технология» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, техника
ғылымдарының кандидаты



ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ХАНЫМЫ



ТОЙЛЫБЕКОВА ЭЛЬМИРА ОРИНТАЙҚЫЗЫ

Заң ғылымдарының кандидаты, «Экономика және құқық институтының» аға кураторы

Стиль: классика
Түсі: жасыл
Сүйікті кітап: «Абай жолы» роман-эпопеясы
Қызығушылық: дәмді тағамдар жасау
Ұнататын ойын: шахмат, шашкі
Жиі қарайтын сайт: әлеуметтік желі Facebook
Сүйікті тағам: лағман
Сүйікті мереке: 8 наурыз
Ұстанымы: тәртіп - жеңістің алғашқы нышаны
Үйреншікті әдет: тиянақтылық, табандылық

Аяулы аналар, қыз-келіншектер!

Жыл мезгілінің ең ғажайып кезеңі көктемнің шуақты күнінде бүршік атқан көктемнің сұлу арайын ала келген мереке баршаңызға бақыттың гүлін, шаттықтың нұрын, сұлулық пен бейбітшіліктің жасампаздығын, әр күннің берекесі мен ырзығын ала келсін!

Жер-дүниенің жаңаруын, оның сәні мен мәнін паш етіп келе жатқан тамаша көктемнің мерекесі қарсаңында Сіздерге және отбасыларыңызға мол береке, бақыт, шаттық, мызғымас денсаулық, болашаққа зор сенім, көтеріңкі көңіл-күй тілейміз.

Жылдан-жылға табиғаттың тамаша мерзімі - көктемдей құлпырып, жасара беріңіздер!

Қуаныш ЖАРЕКЕЕВ
Заң ғылымдарының магистрі

НӘЗІК ЖАНДЫЛАР АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТА ТИЯНАҚТЫЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМДІЛІК БОЛАДЫ



Ибраева Айгүл Қасымбекқызы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі

Қоғамдағы әйелдер белсенділігін қалыптастыру, олардың биліктегі, басшылық қызметтердегі үлесін арттыру мемлекеттік саясаттың бір бөлшегі. Елімізде нәзікжандыларға мұндай сенімнің артылуы жайдан-жай емес. Әйел-азаматшалар араласқан қайсыбір тіршілікте ұқыптылық, тиянақтылық, жоғары жауапкершілік болатыны аян.

Жаһандану дәуірінің де бұл мәселеге ықпалы зор болып отыр. Ақырында, отбасындағы әйел-ана, қоғам белсендісі міндеттерін қатар алып жүрген қыз-келіншектер көптеп саналады, қазірде. Солардың бірі, Ибраева Айгүл Қасымбекқызы Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты «Жалпы заң пәндері» кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып жүр.

Жерлесіміз университеттің «Заң» факультетін 1997 жылы үздік тәмамдаған. Еңбек жолын өзі білім алған оқу орнында оқытушы болып бастаған ол 1999-2002 жылдар аралығында Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік заң университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасына ғылыми-ізденуші болып қабылданған.

2008 жылдың 18 қазан күні Астана қаласындағы БД 14.50.11 біріккен диссертациялық кеңесінде 12.00.01 – құқық және мемлекет теориясы мен тарихы; құқықтық және саяси құқықтық ілімдер тарихы мамандығы бойынша заң ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынған «Адам құқықтары – құқықтық мемлекеттегі мемлекеттік аппарат қызметінің негізгі қағидасы» атты диссертациялық жұмысты сәтті қорғап шыққан.

Ғасыр басталған тұстан Қазақстан Республикасы ІІМ Академиясында түрлі деңгейде қызметтер атқарып доцент, профессор атақтарын иеленген. Мереке қарсаңында Айгүл Қасымбекқызымен тілдесіп, өзінен кейінгі сіңлілеріне өнегелі еңбек жолын үлгі еткенді жөн санадық.

- Айгүл Қасымбекқызы, нәзікжандылардың құқық қорғау саласында жұмыс жасауына қандай кедергілер болуы мүмкін?

- Ішкі істер органдары саласында қызмет атқару үшін білім алып жүрген жас мамандардың қазіргі заман талабына сай озық ойлы, құқықтық санасы жоғары, білікті мамандарды дайындау бағытында 20 жылдан астам уақыттан бері қызмет атқарып, өз үлесімді қосып келемін. Нәзікжандылардың бұл салада жұмыс жасауы үшін шыдамдылық, батылдық және ең бастысы, патриоттық сезімі жоғары болуы керек деп ойлаймын. Өйткені, елін, отанын сүйген адам кез-келген іске, қиындықпен күреске дайын болады. Алайда, өзіме ұнайтын болғандықтан ба, жұмыс барысында мен үшін кедергілер көп болды деп айта алмаймын, әрі айналамда үнемі жақсы адамдар кездесті. Полиция қызметкері болу шыдамдылықпен қоса мейірімділікті талап етеді. Халықпен бетпе-бет келетін бұл қызмет түрінде әдептілік пен сыпайылық қатар жүруі керек. Бұл осы саланың басты міндеті. Нәзікжандылардың отбасы мен құқық қорғау саласындағы қызметті қатар алып жүруін үлкен батылдыққа санаймын.

- Сізге отбасындағы әйел – ана, қызметтегі тіршілікті қоса алып алып жүру қиындық тудырған сәттер болды ма?

-2019 жылдың ақпан айынан осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты жалпы заң пәндері кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келемін. Жолдасым Өтегенов Шыңғыс Қуанышбекұлы Ақтөбе қаласындағы Қазақ - Орыс халықаралық университеті Құқық кафедрасының доценті, PhD докторы, запастағы полиция майоры. Екі баланың анасымын. Қызымыз - Жания 6-сынып оқушысы, ұлымыз – Аслан 1-ші

сыныпқа барады. Жалпы, әйел адамға полиция қызметкері болу оңай емес, дегенмен, мен бұл мамандықты таңдағаным өкінген емеспін. Дәріс оқып қана қоймай мереке күндерінде кезекшілік атқарамыз. Негізінде елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қызмет атқару әйел, ер болып бөлінбейді.

Әйел адамдардың үйде болмауы, кеш келіп, балаларына күтім жасау, ас әзірлеу сияқты тұстары қиындық келтіруі мүмкін. Осы салада ұзақ жылдар бойы қызмет атқарып жатқандықтан отбасым да жұмыстың жайына бейімделіп алған. Жолдасымның қолдауының арқасында бәріне де үлгеремін.

- Осы салаға таңдау жасаған әріптес сіңлілеріңізге айтар кеңесіңіз?

-Қазір қай сала болмасын әйелдерсіз елету мүмкін емес қой. Өте ауыр өнеркәсіпте жұмыс істейтін де қыз-келіншектер бар. Қарап отырсаңыз, нәзікжандылар жүрген жерде жайлылық, тиянақтылық бары байқалады. Құқық қорғау қызметінде патриоттық сезім жоғары болу керектігін айттық. Сала жұмысында, әсіресе, әйел адамдардың елге құрметі ерекше болып тұрады. Адам ортаға білімімен емес, мінезімен, тәрбиесімен сияды. Бала күннен полицей қызметкері болу арманым еді. Әкем үлкен қолдау білдірді. Жүрегіммен қалағандықтан қаншама күрделі сындарға төтеп бере алдым деп ойлаймын. Осы жолды таңдаған сіңлілеріме айтарым еш тайсалмай, ірі мақсат жолында тек қана алға адымдауларыңызға тілектеспін. Сәттілік тілеймін.

-Мерекелік тілек.

-Қай сала болмасын нәзікжандыларымыздың еңбегі зор. Жаңа Қазақстанды құруда нәзікжандылардың әр салаға зор үлес қосатынына сенімім мол. Отбасыларыңыз аман, дендеріңіз сау, таусылмас табыс, сарқылмас бақыттың иесі болыңыздар!

- Көп рақымет!

Таңшолпан ПАЙЗУЛЛАЕВА,
Ю-21/5 оқу тобының студенті,
«Жас заңгер» ғылыми-шығармашылық
үйірмесінің төрайымы

ИНЖЕНЕРЛІ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ ХАНЫМЫ



ДАЛДАБАЕВА ГҮЛНҮР ТӨРЕХАНҚЫЗЫ

Техника ғылымдарының кандидаты

Стилі: **классика**

Жақсы көретін түсі: **көк, қызыл**

Сүйікті кітабы: **тарихи кітаптар, позитивті психология**

Қызығушылығы: **пианинода ойнау, дәмді тағамдар пісіру**

Ұнайтын ойыны немесе спорт түрі: **шахмат**

Жиі қарайтын сайты: **инстаграмм**

Сүйікті тағамы: **куырдақ, гуляш, кукси**

Сүйікті мерекесі: **8 наурыз**

Ұстанымы: **тек қана алға!**

Үйреншікті әдеті: **күнде азанда жылы су ішу**

Әжемнің өнегесі

Әженің бауырында өскен балаға оның жұмсақ алақанынан, жүрек жылуынан артық ешнәрсе болмас, сірә. Ұрпақтар сабақтастығының көшін бастайтын ата-әже тұтастай ұлттың асыл мұрасы. Ұл-қыздан өрбіген ізбасарларының көшін бастайтын да осы кісілер.

Әсемдіктің белгісі құлпырған көктеммен қосарлана келетін әйел-аналар, арулар мерекесі тұсында әже тақырыбына айрықша тоқталғанды жөн көрдік. Кешегі ару, аналарымыз бұл күндері бойына даналық мәйегін дарытқан, өмірлік тәжірибесін бала-шағасына жолнұсқар еткен әжелер. Ендеше, бір сәтке әжелер жайында ой бөлісек:

ГМУ-20-3 оқу тобының студенті Дайрабай Анель: Қазақ отбасындағы әже орны ерекше әрі қадірлі. Әже-отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-туыстың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөйі. Қазақ қоғамында әдетте жас отау иелерінің тұңғыш баласын әжесі бауырына салады. Бала ата-әженің кенжесі саналып, немерені әжесі тәрбиелеп, бағып-қағады. Әже мен немере арасындағы туыстық байланыс өте нәзік әрі берік. Сол секілді мен де кішкентайымнан әжемнің қолында тәрбиеленгенмін. Әжемнің айналайын деп отырып айтқан әрбір өсиет, өнегесі қазіргі таңда санамда жаңғырып тұр.

Менің әжем Қожабекова Ырысты 1940 жылы Арал ауданы Бөген ауылында дүниеге келген. Сол жылдардағы соғыс салдарынан ерте жетіліп, үлкен өмірге ерте аяқ бастым, барды да жоқты да көрдім - деп отыратын. 18 жасында тұрмысқа шығып, 8 баламен жесір қалғанын, оларды жалғыз өсіріп жетілдіргені туралы көп айтатын. Біз үшін міне нағыз-Мотивация. Ұл-қыздарын ешкімнен кем қылмай жоғарғы оқу орындарына түсіріп, еліне пайдасы тиер азамат етіп тәрбиелеу екінің бірінің қолынан келе бермейтін ерлік емес пе?! Міне, осылайша менің аяулы анашым 83 жасында 8 бала, 27 немере, 20 шөберенің ақылшысына айналып отыр. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген сөзді бұрындары түсінбеуші едік. Бой жете келе, әрбір сөздің бекерге айтылмағанына көзіміз жетіп жатқандай. Қариясы бар үйде береке болады, білмегенді үйретіп қана қоймай қолындағы барын сенен аямайды. Бір жерге барса, «қызыма» деп тәттісін тығып ала келеді. Үлкейсек те әлі күнге солай. Баладан немере тәтті болады екен, «айналайын» деген бір сөзінің өзі жүрегіңді елжіретіп жібереді ғой шіркін. Сіз осы тақырыпты қозғағанда әжемді қатты сағынып кеттім. Аяулы

анашым мен сізді қатты жақсы көремін. Осы кезге дейінгі ақылыңыз бен тәрбиеніздің арқасында талай белестерді бағындырып келемін. Бұйырса әлі талай қуанышыма ортақтасасыз. Сізді алда келе жатқан 8 наурыз мерекенізбен құттықтаймын. Басыңызға амандық тілеймін. Ауырмаңыз, әркез осылай біздің қуанышымызға тоймай, ақылшымыз болып отыра беріңіз.

КДЛ-42 оқу тобының студенті Қасымханова Нұрай: Ұлы Абай әжесі Зеренің тәрбиесінде, жыр-дастандарды тыңдап өсіп, қазақтың бас ақынына айналды. Шоқан да Айғанымдай әженің өнегесі, тәлім-тәрбиесімен қазақтың маңдайға біткен жарық жұлдызы болды. Сондай-ақ, бір ғасырда бір туатын тұлға Мұхтар Әуезовті де ақиық ақын Мұқағалиді де адамзат мақтан тұтар Бауыржан Момышұлындай тұлғаларды асыл әжелеріміз тәрбиелеген. Расында ақыл анадан тарайды. Әр адам жеке тұлға. Тұлғалық қасиеттердің негізін салатын да бағыт бағдар беріп, өмір жолынан өнеге қалдыратын асыл жандар, ардақтылар – әжелеріміз. Менің әжем мен үшін ғана емес, тұтас отбасының қазыналы сандығы іспетті. Сандық қаншалықты көне болса, соншалықты құнды. Әжеміз: «Ешқашан біреудің ала жібін аттамаңдар!», «Жақсымен жолдас болыңдар!», тіпті кейде «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда», - деп әңгіме бастап, тұтас отбасын әрқашан жақсылыққа, ауызбіршілікке үйрететін еді.

Қазақ өзі сөзге тоқтаған. Сөз қадірін түсінген. Астарлап жеткізгенді ұға қоятын халық қой. Тектілігінен болса керек кей кезде астарлап екі ауыз сөзбен бәрін жиып та алатын. Әжеміз қыз баласын әрқашан тазалыққа, биязы болуға, ұят пен ибаны бойымызда қалыптастыру үшін тәрбие берді. Елдің баласы бол, елге сыйлы азамат бол, елің үшін қызмет жаса - деп көпшіл болуға, халықтың баласы болуды жастайымыздан құлағымызға сіңірді. «Ұлық болсаң, кішік бол» деп даңқың асқақтаса да қарапайым, кішіпейіл болуға үйрететін. Әжесінің қызы болғасын қасында жүріп, өсиет әңгімелерін көп еститіміз. Қыз бала тұтас ұлттың айнасы, елдің болашағы деген сөзімен қыз баланың ардақты екенін, қаншалықты құнды екенін ұғындырған еді. Адам болу үшін өнегелі өсиет сөзден асқан не керек?!

Асыл да ардақты әжемізге зор денсаулық, дүниенің бар жақсысын тілеймін. Ұл-қыздарының қызығын көріп, немере шөбере қолынан май жалауды нәсіп етсін дей отырып, жылы лебіздімді білдіремін!

ПМНО-20-1 оқу тобының студенті Бақыт Айару: Кішкентайымнан әжемнің тәрбиесін

алып, еркелеп өскен қызбын. Әжем Дуанова Сәрсенкүл 1954 жылы 13 ақпанда дүниеге келген. Әжем маған әрдайым ақыл-кеңесін беріп, өнегелі ғұмырын айтып, тәрбиеге бағыттап отырады. Мен әжемнің жолын қудым десем де болады. Әжем мектепте оқу ісінің меңгерушісі әрі мұғалім болып 20 жыл ұстаздық еңбек етіп, мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, бүгінде құрметті демалыста. Әжемнің орнын қазіргі таңда әпкем жалғастыруда. Мен де бастауыш пәні мұғалімі бағдарламасын таңдап сол кісілердің жолын қумақпын. Әжем атамнан ерте айырылып, өз ұлдары мен жалғыз қызына әке орнына әке, ана орнына ана бола білген қайсар мінезді, батыл жан.

Әулетімнің, үйімнің жалғыз қызы болған соң әжем маған ерекше көңіл бөліп еркелетіп, қайда барса да мені ертіп жүрді. Тәттілерін тығып беріп, өз мейіріміне бөледі, кішкентай кезімде сабағымды орындауға көмектесіп, ақыл кеңесін айтып менімен үлкен адамдарша сөйлесетін. Ол кісінің ұстамдылығы, төзімділігі, еңбекқорлығы, қиыншылық атаулыға сабырмен қарауы үнемі бізге үлгі болады. Тәлім – тәрбиенің бастауы, бізге үлгі – өнеге көрсетер асыл жан, қазыналы бұлақтың қайнар көзі ғой. Жанұяда бала тәрбиелеуде алатын орны ерекше – менің мейірімді әжем. Үнемі өз ақылын айтып, түзу жолды сілтеп отырады. Әжем-отбасымның ғана емес, әулетімнің де ұйытқысы, ағайын - бауырларымыздың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы кісі. Жанұяның тәрбиешісі әрі ақылгөйі. Әжеме тек ғана ұзақ өмір, денсаулық тілеймін. Абыройлы Салыбековтар әулетінің абыройлы әжесі болып жүре беріңіз.

КДЛ-42 оқу тобының студенті Айтбай Жансая: Кез-келген баланың үлгі тұтар әжесі болады. Шүкір, менің де бір емес екі әжетайым бар. Бірінші туған әжемнің есімі-Тұрғанбаева Қазынашай. Есімінің өзі қанша дүниені түсіндіріп тұрғандай. Менің баға жетпес қазынам, өмірімнің асылы. Көзімді ашып, есімді білгелі өмірдің ащы-тұщысына қалай сынбауды, аяқтан шалса, қалай қайтадан тұруды үнемі үйретіп, санама құйып отыратын менің ақылшым. Барлық өмірім ауыл шаруашылығына арнаған еді. Тек балалары мен немерелері үшін, күйбең тірліктен уақыттарының қалай өткені білінбей де қалды. Қазір 82 жаста. Лайым, әжетайым тек ортамызда болса одан асқан ештеңе керек емес. Дәм тұзы таусылғанша қасында болсам деймін. Әжетайымның Алла берген жасқа дейінгі өмірін қолымнан келгенше көркем етуге тырысамын.

Екінші нағашы әжем, есімі-Зинайда Қалмақовна. Менің ақыл қалтам, жан дертімнің дәрісі. Кімнен үлгі аласың десе, ойланбастан осы әжетайымды айтатын едім. Білім мен көркем мінезді ұштастыра білген, өнер мен отбасыға да үлгере білген әжетайымнан үйренерім көп. Жастайынан әкесінің беделіне кірбің түсірмей, әлі де уәдесін орындап келе жатыр. Өте мықты, қайсар әрі нәзік. Біраз адам шыдамайтын сынақтарға да біз үшін төзіп жүр. Осы уақытқа дейін Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қабырғасында білім беріп, «Сыр сұлуы» ансамбліне ән шырқап бәріне үлгеріп белсенді өмір қалпын ұстанады. Менің осы дүниедегі ең жақсым, ең асылым әжеме, қандай да әдемі сөздердің өзі жеткіліксіз. Әжетайым сізді мақтан тұтамын. Кеудемді көтеріп, сіздің немереніз болып өмірге келгеніме мақтанамын. Өмірдің ащы - тұщысы сізді сындырса да, бізден күш - қуат ала біліңіз, әрқашан да біз сіздің жаныңыздамыз!

Түйін. Қазірде әлеуметтік желілерде әжелердің «сыры кетсе де сыны кетпеген» жастары ұлғайған сайын мінездері «бала» секілді болып қалатын бейнелерін көріп елжіреп жатамыз, қылықтарына мәз боламыз. Күлсең үлкенге күл. Дархан пейілді әжелеріміз аман болсыншы!

Сабыржан ҚУАНДЫҚ
Экономика және құқық институты
3 курс студенті

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ХАНЫМЫ



ТАПАЛОВА АНИПА СЕЙДАЛЫҚЫЗЫ

Техника ғылымдарының кандидаты,
университеттің құрметті профессоры

Стилі: **классика**
Жақсы көретін түсі: **жасыл**
Сүйікті кітабы: **Абай жолы, ғылым, психология, педагогика;**
Қызығушылығы: **спорт жарыстарына жанкүйер болу;**
Ұнататын ойыны немесе спорт түрі: **футбол, волейбол, бокс, атжарыс т.б.**
Жиі қарайтын сайты: **Әйел бақыты, Абай TV, Сана;**
Сүйікті тағамы: **ет, түшпара(пельмен);**
Сүйікті мерекесі: **Ұстаздар күні;**
Ұстанымы: **кең болсаң, кем болмайсың;**
Үйреншікті әдеті: **немерелермен ойнау, бесік тербету, сабағын қадағалау**



Құтты болсын мерекең

Бүгін мейрам, ой тербеген санамды.
Уа, бауырым, құттықташы анадды.
Мен де бүгін шабыттанып жыр жазып,
Жеңгелер мен құттықтайын данамды.

Ана жүрек, баласына аланды.
Бала жүрек, қадірлеші анадды.
Бір қолымен тал бесікті тербеткен,
Бір қолымен әлпештеген ғаламды.

Жырымменен өлеңім бар, саз өнер.
Немере мен шөбересі «Әже» - дер.
Немересін аркалап бір бағатын,
Төл мерекең құтты болсын әжелер!

Тірегі де өздеріңсің ғаламның.
Кіндігіңнен жаралған мен, балаңмың.
Келіндер де, жеңгелер де жасасын,
Жасын берсін, жолын берсін анамның.

Бауыр десе, сендей соққан көңілім.
Өздеріңмен ұзарады өмірім.
Әпкелер мен қарындастың мейрамы,
Іні-ағалар құттықтайтын жөнің бұл!

Құдаша мен балдыздардың күндері.
Жарқын-жарқын шығып жатыр үндері.
Жездесінің құлағынан тартады,
Құдаша да өзгеше ма, күндегі?!

Алға тартып, дәлелі мен дәйегін.
Ұл-қызынды өсіретін әйелің.
Жігіттер де ұмытып бір кетпесін,
Ұрпағының аналарын, мәйегін.

Жыр арнаған деменіздер мен екем.
Әйел жұрты кетпесінші берекең.
Бір күн емес, әр күн сайын тойлайық,
Құтты болсын, құтты болсын мерекең!

**Ізгі ниетпен,
Нұрлыбек АХАТАЕВ,
Жаратылыстану
институтының директоры,
химия ғылымдарының
кандидаты**

Университет арулары!

Университетіміздің «Жаратылыстану» институтында белсенді студенттер қатары жетерлік. Солардың бірқатары шұғылалы көктем мерекесіне орай өздерінің жүрекжарды лебіздерін жолдайды.

Құрметті университеттің барша ару әйелдер қауымы! Сіздерді көгілдір көктемнің шуақты мерекесі - 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жас ұрпақтың санасына сіздер сыналап енгізетін тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге өлшеусіз. Жастардың болашағын айқындайтын ұстаздың еңбегі. Бүгін екен дәндеріңіз, ертеңгі жеңісті-жемісті күннің кепілі. Ұстаз болашақ азаматтарды ғана емес, бүкіл қоғамды қалыптастырады. Сіздер бар жақсылыққа, барлық құрметке лайықсыздар! Құрметті ұстаздар! Шәкірттеріңіздің құрметі мен махаббатына бөленіңіздер. Шығармашылық ізденістер, ғылыми жаңалықтарыңыз арта берсін. Мерекелеріңізбен! Мерейлеріңіз үстем болсын!

Мөлдір БЕКЕТОВА
Б-21-1 оқу тобының студенті,
«Жаратылыстану» институтының
студенттік деканы

Құрметті ұлағатты ұстаздарым, университеттің барша арулары!

Көктеммен бірге көңілге қуаныш сыйлай келетін әдеміліктің белгісі ретінде тойланатын 8 наурыз мерекесі құтты болсын! Тіршілікке жылу таратып, мейірім төгіп, шуақ шашып, дем беріп тұратын әйел-аналардың мәртебесі әрдайым асқақ. Шәкірт тәрбиелеп, үлгілі ұстаз болудағы еңбектеріңіз жемісті болып, әрдайым жоғары бағалана беріңіздер!

Жансая МИРАМБЕКҚЫЗЫ
Б-19-1 оқу тобының студенті

Ардақты аналар! Аяулы арулар!

Көктемнің шуақты күнінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Жаратылыстану» институты және өз атымнан сіздерді 8 наурыз мерекесімен құттықтағым келеді.

Әйелдер қауымы – әрдайым отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Әр адамның өміріндегі қуанышты әрі жарқын сәттердің көп болуына сіздер мол үлес қосып келесіздер.

Тарихқа қарасақ, ел басына күн туғанда асыл аналарымыз бен аяулы аруларымыз қиындыққа мойымай, ұлт тағдырына араласқан. Еселі еңбегімен және ерен ерлігімен танылған әйелдердің есімдері тарих жылнамасына мәңгілікке жазылып, жадымызда жатталған.

Сіздер әсем гүлдер сияқты өмірімізді сұлулыққа толтырасыздар. Әрқайсыңыз күн сайын айналаңыздағы адамдарға жағымды эмоциялар мен қуаныш сыйлап жүресіздер.

Халықаралық әйелдер күні мерекесі - ерлер қауымының есіне махаббат, жылулық және қамқорлық туралы ой салады. Сіздер айналаға махаббат пен қамқорлық және аналық жылу сыйлайсыздар. Біз сіздерді тек мереке күндері емес, әрдайым құрметтейміз, бағалаймыз! Әрбіріңіз ішкі күш-қуат, жағымды энергия мен шынайылығыңызбен ерекшеленесіздер! Сіздер әртүрлісіздер, дегенмен әрқайсыңыз өзінше таңқаларлық және бірегей жансыздар. Жаңа көкжиектерді аша отырып, батыл алға ұмтыла аласыздар. Жыл сайын ғылымды өмірлік жұмысым деп таңдайтын қыздардың қатары көбейіп келе жатқаны да қуантады.

Құрметті ару қыздар мен аналар! Біз сіздерді бағалаймыз және жақсы көреміз! Жетістіктеріңіз бен жеңістеріңізге шын жүректен қуанамыз! Сіздерге сенеміз!

Сіздерге мықты денсаулық, бақ-береке және толағай табыс тілеймін! Мейрам құтты болсын! Бақытты болыңыздар!

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінде тексеріліп, №331-Г
куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректоры
М.Ә.БӨРІБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық
байланыстар жөніндегі проректор
Ж.Н.БАЗАРТАЙ -
Басқарма мүшесі-Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары
жөніндегі проректор

Жауапты хатшы:
Раушан
Кенжетайқызы

Техникалық редактор:
Асқар
Алданышұлы

SYR TÚLEGI
student jastar gazeti

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.